

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

**ӘОЖ 37.0**

**КБЖ 74.00**

**II 23**

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

## ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сламбекова Т.С.

П.ғ.к., профессор м.а.

Жүсіпбек Д.Ж.

7M01823 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», 2 курс магистранты,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**Аннотация.** В современных условиях дистанционное обучение рассматривается как перспективное направление развития национальной системы образования. Для обеспечения эффективности системы непрерывного образования в Казахстане дистанционное образование должно активно опираться на инновационное и традиционное обучение (активные семинары, деловые игры, видеофильмы и др.), а также использовать телекоммуникационные сети различного уровня и учитывать потребности образовательного рынка. В данной статье дается характеристика видов дистанционных образовательных технологий.

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, технология дистанционного обучения, технология дистанционного образования, интернет-технологии, кейс-технологии, видеотехнологии

**Abstract.** Today, distance learning is seen as a promising direction in the development of the national education system. To ensure the effectiveness of the existing system of continuing education in Kazakhstan, distance learning should actively rely on innovative and traditional learning (active seminars, business games, videos, etc.), as well as use telecommunication networks of various levels and take into account the needs of the educational market. This article describes the types of distance learning technologies.

**Key words:** distance learning, technology of the distance learning, technology of the distance education, Internet technology, case technology, video technology.

Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жаратандыру міндеттерінің белгіленуі қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде жеткіншектердің ақпараттық дағдысын дамытудың мәселесінің өзектілігін арттырады [1].

Демек, білім беруді ақпараттандыру қашықтықтан оқыту жүзеге асырылатын цифрлық білім беру ортасына көшудің басты қадамы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында төмендегі ұғымдарға анықтама беріледі:

- қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыратын білім беру ұйымының интернет-ресурсы - білім беру процесінің қатысушылары үшін әкімшілік-академиялық ақпараттары бар интернет-ресурс;

- қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиясы - электронды тасымалдағышта оқу материалдарын құру, беру және сақтау технологиясы, оқу процесін ұйымдастыру мен сүйемелдеу ақпараттық-телекоммуникациялық технологиясы;

- мультимедиа - пайдаланушыға диалогтық режимде әр текті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

- «on-line» - нақты уақытта ақпаратпен алмасу;

- «off-line» - еркін уақыттың кеңістігіндегі ақпаратпен алмасу;

- контент - оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар мультимедиа және басқа да маңызды толықтырулар) толықтыру;

- ақпараттық-білім беру порталы - ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық оқу-әдістемелі; ақпараты бар ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің желілік ұйымдастырушылық өзара байланысқан жиынтығы;

- ақпараттық-білім беру ресурсы - білім беру сипатында қалыптастырылған ой мен білім, әртүрлі деректер, оларды жинақтау, сақтау және ақпараттар көзі мен тұтынушылар арасындағы алмасу әдістері мен құралдары [2].

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың формалары көбінесе белгілі бір жағдайда жүзеге асырылатын қашықтықтан оқыту моделіне және оны таңдау мен үйлестіруге әсер ететін факторларға да байланысты. Қазіргі уақытта бірқатар авторлар сипаттаған (Е.Ы.Бидайбеков [3], Е.С.Полат [4] және т.б.) қашықтықтан оқытудың бірнеше модельдері бар.

Қашықтықтан оқытудың негізгі технологияларының түрлері бөліп көрсетіліп, оларға қысқаша сипаттама беріледі:

1. Интернет технологиясы – бұл қашықтықтан оқытудың базалық технологиясы. Бұл технология қашықтан оқыту аясында интернет қолданушыларына ұсынатын барлық құралдарды қолдануға негізделген.

В.А. Трайневтің пікірінше, интернет-технологияларды пайдалануға негізделген қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану қашықтықтан оқытудың барлық басқа технологияларын ығыстыратынын атап өткен жөн. Оның ішінде Интернет-технологиялар біртіндеп басқа ақпараттық технологияларды қамтиды. Мысалы, телефония Интернеттің бір бөлігіне айналуға [5].

2. Кейс технологиясы елімізде қазіргі заманғы білім беруді дамыту кезеңінде оқытудың тиімді технологияларының бірі, ол кейстерді қолдана отырып, проблемалық-ситуациялық оқыту деп те аталады. Кейс – бұл белгілі бір форматта дайындалған және білім алушылардың сан алуан түрлі ақпараттарды талдау, жалпылау, мәселелерді анықтау және тұжырымдау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен бірге ұсынылған өлшемдерге сәйкес оны шешудің мүмкін нұсқаларын жасайтын нақты жағдайдың сипаттамасы. Кейс-технологияның ерекшелігі білімалушылардың білімді меңгеру және дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби білімді, біліктіліктерді және дағдыларды шығармашылық меңгеру, сыни ойлауды дамыту олардың өз бетімен қарама-қайшылықтарды шешуі арқылы өзіндік іс-әрекетінің нәтижесі екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында: «қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі - ҚБТ) іске асыру мынадай түрлер бойынша жүзеге асырылады: теледидарлық технология, желілік технология және кейс-технология» деп анықталады:

- теледидарлық технология - теледидардың эфирлік, кабельдік және спутниктік желілерін пайдалануға негізделген технология;

- желілік технология - оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивтік өзара іс-қимыл нысандарын, сондай-ақ Интернет желісін пайдалану негізінде оқу процесін әкімшілендіруді қамтитын технология;

- кейстік технология - қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу-әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға жеткізуге) негізделген технология [2].

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы телекоммуникациялардың рөлін «телебағдарлама» анықтайды - бұл кеңейтілген байланыс құралдарын қолдана отырып, оқу бағдарламаларын жоспарлауды, таратуды және басқаруды қамтитын кешенді жүйе.

3. Бейнетехнология түрлі бейнематериалдарды қолдануға негізделген. Оқытудың интернет-бейнетехнологиясын пайдалану кезінде оқу үдерісін ұйымдастыруда икемділік пайда болады, ол оқытудың кез келген кестесін жасауға және білім алушы мен оқытушы

үшін қолайлы кез келген уақытта бірлесе отырып, айналысуға, сондай-ақ сабақтардың кез келген қарқындылығын таңдауға мүмкіндік береді. Осыдан интернет-бейнетехнология арқылы оқыту барысында интерактивті компьютерлік бағдарламалар пайдаланылады, бұл оқыту уақытын қысқартуға және оқу дағдыларын пысықтаудың беріктігін қамтамасыз етуге және оқуға деген ынталандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік туғызады.

С.В.Агапонов бейнетехнология әдістемелік тәсілді неғұрлым табысты іске асыруға мүмкіндік беретін оқыту мен оқудың тәсілдері мен тәсілдерінің жиынтығы деп түсіндіреді. Жалпы оқыту жетекші университеттер әзірлеген әдістемелер мен бағдарламалар негізінде құрылуы мүмкін, бұл оқу материалын қабылдау деңгейіне және жеке ерекшеліктеріне байланысты білім алушылардың қажеттіліктеріне серпінді ден қоюға, үздік мамандармен, олардың тұратын жеріне қарамастан, Ресейде немесе шетелде сабақтар өткізуге мүмкіндік береді деп санайды [6].

Сонымен интернет-технология, кейс-технология және бейнетехнология қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім берудегі жаңа және перспективалы ақпараттық технологиялардың негізгілері болып табылады. Қашықтықтан білім берудің ғылыми тәсілі барлық білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту технологияларының келесі түрлері негізінде жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

4. Телеконференция – бұл қатысушылардың екі немесе одан да көп топтары арасындағы байланысты ұйымдастыру үшін электрондық байланыс арналарын пайдалану үрдісі. Телеконференцияда дыбыс, сурет немесе компьютерлік деректер беріледі. Телеконференцияға жіберілген хабарлама оның барлық қатысушыларына қол жетімді болады, осылайша бұл технология түрі дөңгелек үстелдегі қарым-қатынасқа, яғни байланысқа ұқсайды. Әр конференцияда конференция тақырыбының, этикеттің және т. б. бұзылмауын қадағалайтын үйлестіруші бар. Телеконференция әртүрлі технологияларға қатысты жалпы термин, соның ішінде: аудиоконференция (audioconferencing), бейнеконференция (videoconferencing), компьютерлік конференциялар (computerconferencing) деген түрлері бар.

Аудиоконференция бұл конференцияға қатысушылардың дауыстық коммутациясы болатын телеконференциялардың бір түрі, оны сандық және аналогтық байланыс желілерінде ұйымдастыруға болады. Ол бір жақты бейнемен (onewayvideo), спутниктік теледидармен, қашықтықтан білім беру мақсаттары үшін қолданылады.

Бейнеконференция тиісті аппараттық-бағдарламалық кешендермен жабдықталған екі немесе одан да көп нүктелер арасында бейне, дыбыс және деректер алмасу тәсілі. Оның қатысушылары бір-бірін нақты уақытта көре және ести алады, сонымен қатар мәліметтермен алмасып, оларды бірге өңдей алады.

Компьютерлік телеконференцияларға жүздеген және мыңдаған Internet пайдаланушылары қатыса алады. Конференцияға оның мекен-жайын теру арқылы қосылу керек. Қатысушылардың компьютер экранында конференция туралы олардың пікірлері мен көзқарастары көрсетіледі.

5. MOO технологиясы – multi-user Object Oriented сөзінің қысқартылған түрі объектіге бағытталған көпшілік пайдаланушы дегенді білдіреді. MOO – бұл нақты уақыт режимінде Интернет арқылы байланыс орнататын орта. Оның көмегімен пайдаланылатын компьютер виртуалды бөлмелер (virtualrooms) деп аталатын модельдендірілген қашықтағы бас (хост) машинаның терминалына айналады. Виртуалды бөлмелерде сіз сол бас машинаға қосылған адамдармен бір уақытта кездесу мүмкіндігіне ие бола аласыз. MOO-ға тән ерекшеліктердің бірі виртуалды нысандарды құру мүмкіндігі, ал басқа бір құрал – бұл бөлмеде болып жатқанның бәрін жазуға мүмкіндік беретін виртуалды бейнемагнитофон болып табылады. Сондай-ақ, виртуалды тақталарды қолдануға болады, онда сіз талқылауға, сабақтарды түсіндіруге арналған сұрақтарды жаза аласыз. MOO бір уақытта сабақтарды ұйымдастыруға ыңғайлы қызметті ұсынады. Көптеген қашықтықтан оқыту курстарына MOO сессиялары кіреді. Білім алушыларға сеанстардың өткізілу уақыты туралы электрондық пошта арқылы хабарлайды. Сеанстар кестесі www курсының беттерінде де жарияланады.

6. MUD технологиясы (Multi User Domain – көп қолданушы домен) MOO-технологиясына өте ұқсас. MUD технологиясын қолдана отырып, жеке кездесулерді де, топтық кездесулерді де құруға болады. Mud ортасы MUD поштасын жеке мүшелер арасындағы шағын хабарламаларды және қоғамдық талқылауға арналған хабар бюллетенін ұсынады. MUD сонымен қатар жағдайлық модельдерді жасауға мүмкіндік береді. Бұл технологияны пайдалану қашықтықтан білім берудің ірі таратылған жүйелері үшін орынды.

7. IRC технологиясы (Interactive Relay Chat – интерактивті сөйлесу) – жүздеген пайдаланушыларға қысқа мәтіндік хабарларды нақты уақытта жіберуге және көруге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама. Барлық хабарлар мен олардың авторларының координаттары экранда көрсетіледі. IRC пайдаланушыларға әр «сөйлесу» үшін әртүрлі арналарды ұсынады.

8. Тікелей диалог (chat) пайдаланушыларға нақты бетпе-бет кездескен кезде пайдаланылатын диалогты модельдеу арқылы мәтіндік хабарламалармен бірден алмасуға мүмкіндік береді. Internet Relay Chat ашық протоколына негізделген бұл функция көбінесе «жедел пошта» деп аталады. Интернетте тікелей диалог функциясын қолданудың жалғыз кемшілігі – мұндай онлайн-әрекеттерді алдын-ала жоспарлау керек, өйткені қазіргі уақытта желіге кім қосылғанын және оған түсініктеме алу арқылы сұрақ қоюға болатындығын білу мүмкін емес. Мамандандырылған бағдарламалық өнімдер осындай тапсырманы жеңілдетуге арналған.

9. WWW технологиясы (World Wide Web – «Бүкіләлемдік тор») технологиясының негізінде http желілік хаттамасы және HTML гипермәтіндерін жазу тілі жатыр. CGI хаттамасымен, Java тілдерімен, Java Script, Active X, Macromedia мультимедиялық технологияларымен, Real Audio, RealVideo, MPEG және басқа да технологиялармен бірге WWW қызметі қашықтықтан оқыту курстарын құрудың шексіз мүмкіндіктерін ұсынады.

10. FTP технологиясы (File Transfer Protocol файлдарды жіберу хаттамасы) көмекші сипатқа ие. FTP серверлерінде көрнекі құралдарымен үлкен файлдар бар: бейнефильмдер, жоғары ажыратымдылықтағы графикалық суреттер, бағдарламалық модельдер, құжаттама (PDF форматында) және т.б.

11. Электрондық пошта немесе E-mail - ең танымал және маңызды Интернет қызметі. Іс жүзінде әрбір Интернет пайдаланушысында электрондық пошта мекен-жайы бар. Электрондық пошта арқылы мәтіндерді, графиканы, бағдарламаларды, мультимедиялық файлдарды жіберуге болады. Ең қарапайым қашықтықтан оқыту курстары толығымен электронды пошта арқылы материалдар мен тапсырмаларды беру арқылы құрылуы мүмкін. Білім алушылар (оқушы, студент) тапсырмаларды орындап, нәтижелерін мұғалімге тағы да электронды пошта арқылы жібереді, бұл ақпарат алмасу кезінде дәстүрлі поштаны қолдануға сәйкес келеді, бірақ электрондық пошта жағдайында алмасу салыстырмалы түрде тезірек жүреді. Алайда, бүгінгі таңда тек электронды пошта арқылы құрылған қашықтықтан оқыту курстары іс жүзінде жоқ, дегенмен бұл маңызды көмекші қызмет болып қала береді.

12. Тарату тізімі (listserv) - бұл белгілі бір топ немесе қызығушылық бірлестігі ішіндегі электрондық пошталармен алмасуды басқаруға арналған пакет. Топтың әр мүшесі тарату тізіміне барлық қатысушыларға жіберілетін хабарлама жібере алады. Тарату тізімінде пікірталас өтетін тақырыптар немесе рубрикалар болады. Тізімге қатысушы болу үшін Internet-те электрондық пошта мекен-жайы болуы жеткілікті. Internet желісіндегі оқу сайты мәтіндік, графикалық, мультимедиялық нысандардағы оқу-әдістемелік материалдарды қамтиды. Жеке тапсырмаларды мұғалім электрондық пошта арқылы жібереді.

Қорыта келгенде, үздіксіз білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қашықтықтан оқытуда педагогика, дидактика және жеке әдістемеді қабылданған дидактикалық және педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру құралдарының ерекшелігі де ескерілуі қажет.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768
3. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. Оқулық. – Алматы, 2014. - 352б.
4. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М. : Владос, 2002. -135 с.
5. Трайнев В.А. Дистанционное обучение и его развитие: Обобщение методологии и практики использования/В.А.Трайнев, В.Ф.Гуркин, О.В.Трайнев; под общ. ред. В.А.Трайнева. – 2-е изд. – М.: Дашков и К, 2008. – 294 с.
6. Агапонов С.В. Средства дистанционного обучения. Методика, технология, инструментарий. - СПб.: БХВПетербург, 2005. - 336 с.

### ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОЛОНТЕРСТВА В ЕНУ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА

**Табаран Д.А.**, магистрант 1-го курса

Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, факультета социальных наук, кафедры социальной педагогики и самопознания

Казахстан, Нур-Султан

[tabaran99.11@mail.ru](mailto:tabaran99.11@mail.ru)

**Конопат А.С.**, студент 3-го курса

Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева,

факультета социальных наук, кафедры психологии

Казахстан, Нур-Султан

[anzhelika\\_001@inbox.ru](mailto:anzhelika_001@inbox.ru)

**Аннотация.** Мақаланың мақсаты ғылыми әдебиеттерді талдау арқылы экологиялық волонтерлік қызметті дамытудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын қарастыру болып табылады. Шетелдік және қазақстандық авторлардың еңбектерінде «волонтерлік қызмет» термині қарастырылды.

Экологиялық волонтерлік клубын дамыту тәжірибесі Л. Н. Гумилев Атындағы ЕҰУ базасында ұсынылды.

**Түйін сөздер:** экологиялық білім, экологиялық жауапкершілік, экологиялық мәдениет, волонтерлік қызмет

**Abstract.** The aim of the article is to consider psychological and pedagogical conditions of development of ecological volunteering activity by analyzing scientific literature. The term "volunteer activity" of foreign and Kazakhstan authors is considered. The experience of development of ecological volunteering club of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyov is presented.

**Key words:** environmental education, environmental responsibility, environmental culture, volunteer activity

Актуальной проблемой в наше время является ухудшение состояния окружающей среды. Основная проблема - неправильное использование обществом природных ресурсов.